Түркістан облысының «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхатын қарау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Түркістан қаласы 13 қараша 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестіктк қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* Түркістан облысының «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі-Басқарма)* 2025 жылғы 2 қазандағы № 28/1774 хатпен монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды *(бұдан әрі-Қорытынды)* беру туралы өтініш хат келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № бұйрықпен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидасын *(бұдан әрі-Қағида)* 2-тарауының 14-тармағын басшылыққа ала отырып қорытынды жасалады.

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының *(бұдан әрі-Заң)* 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасында, мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлардың бірі монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысының болуы.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасы негізінде басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы өтінішхаттарды қарау кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін айқындау мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі

серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу;

2) нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау;

3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау.

2. Басқарма өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

-Спорттың қыстық түрлеріне арналған алаңдар мен ареналарын, хоккейге арналған мұз айдындарын пайдалану бойынша қызмет көрсетлер (ТЖҚК: 931110.300.000000).

Басқарманың өтінішхатында, тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметтерді көрсету орны-**код КАТО 611000000-Түркістан қаласы**.

3. Тапсырыс беруші-Түркістан облысының «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Әлеуетті жеткізуші-Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Қысқы спорт түрлерінен Түркістан спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

БСН-230640032026.

Басқарманың өтінішхаты бойынша Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Қысқы спорт түрлерінен Түркістан спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Түркістан облысында бұрын сонды болмаған, заманауи жалғыз «Мұз сарайында» келесі қызметтерді көрсетеді: Мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, шайбалы хоккей спорт түрлерінен спортшыларды дайындайтын, жеке және заңды тұлғаларға мәнерлеп сырғанау немесе хоккей корттарын жалға беру, балаларға (мектеп оқушыларына), студенттерге, ересектерге, зейнеткерлерге, 3-топтағы мүгедектерге жаппай сырғанау қызметтерін жүзеге асыратын Түркістан қаласында бәсекелесі жоқ заманауи жалғыз мұз сарайы болып табылады.

4. Жоспарланған қызметтердің тауар нарығын анықтау мақсатында, Департамент тарапынан «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесіне *(бұдан әрі-Статистика департаменті)* 2025 жылғы 2 қазандағы № 02-09/1429 хаты жолданды.

Статистика департаментінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 13-05-04/2247 хатында, жоспарланған қызмет-*Спорттың қыстық түрлеріне арналған алаңдар мен ареналарын, хоккейге арналған мұз айдындарын пайдалану бойынша қызмет көрсетулр (ТЖҚК: 931110.300.000000).* -«Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне» *(бұдан әрі-ЭҚЖЖ)* **«Спорт имараттарын пайдалану» (ЭҚЖЖ коды 93.11.0).**

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет ресурсынан (www.stat.gov.kz) алынған ақпарат бойынша, **Түркістан қаласы** географиялық шекарасында жоспарланған тауар нарығында келесі субъектілер тіркелген:

«Спорт имараттарын пайдалану» (ЭҚЖЖ коды 93.11.0) қызметі бойынша *(өтініш нөмірі: 5b93cd44-33e8-43d0-968f-a68d9ca9d740, 9f7dd158-e7f3-43a0-9605-341b6e1fd5cc)* 3 **жеке кәсіпкерлік, 5 заңды тұлға** тіркелген:

кесте №1

№	БСН	Толық атауы
1	220940017656	«Атлант-Комплекс» ЖШС
2	181040026794	«Aqua Brand» ЖШС
3	670214350038	Сыздыков Болат Мамбеталиевич
4	220240032496	«ODN GROUP» ЖШС
5	941111300061	ЖК «Максутов»
6	560729402001	ЖК «Яссы» Арена»
7	171040014510	«ССК Астана» ЖШС
8	090340015103	«Нұртас» теннис орталығы» ЖШС

Жоғарыда аталған нарық субъектілерінің «*Спорттың қыстық түрлеріне арналған алаңдар мен ареналарын, хоккейге арналған мұз айдындарын пайдалану бойынша қызмет көрсетлер»* көрсетумен айналысатынын нақтылау мақсатында, Департамент тарапынан 2025 жылғы 10 қазанда № 02-10/1492 сұрау хаты жолданды.

«Нұртас» теннис орталығы» ЖШС (2025 жылғы 12 қарашасындағы № 08- хаты), «AQUA BRAND» ЖШС (2025 жылғы 29 қазанындағы № 1795 хаты), ЖК «Максутов» (2025 жылғы 29 қазанындағы № 1806 хаты), «ODN GROUP» ЖШС (2025 жылғы 29 қазанындағы № 1804 хаты), ЖК «Сыздыков Болат» (2025 жылғы 29 қазанындағы № 1794 хаты), ЖК «Яссы» Арена» (2025 жылғы 29 қазанындағы 1796 хаты), «ССК Астана» ЖШС (2025 жылғы 12 қарашасындағы № 1873 хаты) «*Спорттың қыстық түрлеріне арналған алаңдар мен ареналарын, хоккейге арналған мұз айдындарын пайдалану бойынша қызметтерін»* көрсетпейтіндігін жазды.

Осыған қоса, Департаменттің 2025 жылғы 30 қазанындағы № 02-09/1655 хатпен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінен *(бұдан әрі-Кірістер департаменті)* анықталған 8 нарық субъектісі бойынша қолданыстағы немесе жұмыс істемейтін салық төлеушілер *(действующие/бездействующие)*, сондай-ақ соңғы жылдары салық аударымдардың бар-жоғы туралы ақпарат сұратылды.

Түркістан облысы бойынша статистика департаменті АҚ Сыдыкова М.С.

Кірістер департаментінің 2025 жылғы 11 қарашасындағы № МКД-08-1-20/16088-И хаты бойынша ЖК «Яссы» Арена» жұмыс істемейтін салық төлеуші болып табылады.

Осыған қоса, «ODN GROUP» ЖШС, ЖК «Яссы» Арена», «Атлант-Комплекс» ЖШС тарапынан салықтық төлемдер болмады.

ЖК Сыздыков Болат Мамбеталиевич келесі салық түрлері бойынша салықтық төлемдерді жүзеге асырады: заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық, жер салығы, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) жарналар.

Бұл ретте, аталған салықтық төлемдер міндетті сипатқа ие болып, кәсіпкердің тіркелген мүлкіне, жер учаскелеріне және жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мәртебесіне байланысты жүзеге асырылады. Осыған орай, бұл төлемдердің өзі қызмет көрсету немесе экономикалық қызметті факті түрінде жүзеге асырудың толық айғағы бола алмайды.

Осы ретте, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша 2024, 2025 жылдары Түркістан облысы географиялық шекарасында сұратылған қызмет түрі бойынша мемлекеттік сатып алу болмағандығы анықталды (https://goszakup.gov.kz/ru/search/lots?filter%5Bname%5D=&filter%5Bnumber%5D=&filter%5Bnumber_anno%5D=&filter%5Benstru%5D=931110.300.000000&filter%5Bkato%5D=610000000&filter%5Bcustomer%5D=&filter%5Bamount_from%5D=&filter%5Bamount_to%5D=&filter%5Btrade_type%5D=&filter%5Bmonth%5D=&filter%5Bplan_number%5D=&filter%5Bend_date_from%5D=&filter%5Bend_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_to%5D=&filter%5Byear%5D=&filter%5Bitogi_date_from%5D=&filter%5Bitogi_date_to%5D=&filter%5Bstart_date_from%5D=&filter%5Bmore%5D=&smb=).

5. Түркістан қаласы географиялық шекарасында *Спорттың қыстық түрлеріне арналған алаңдар мен ареналарын, хоккейге арналған мұз айдындарын пайдалану бойынша қызмет көрсетулер (ТЖҚК: 931110.300.000000)* бойынша келесі жеке кәсіпкерлік субъктісі анықталды- 3 жеке кәсіпкерлік, 5 заңды тұлға тіркелген.

Осы ретте, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша Түркістан қаласы географиялық шекарасында *Спорттың қыстық түрлеріне арналған алаңдар мен ареналарын, хоккейге арналған мұз айдындарын пайдалану бойынша қызмет көрсетулер (ТЖҚК: 931110.300.000000)* сұратылған қызмет түрі бойынша Түркістан облысында мемлекеттік сатып алулар мүлдем өткізілмеді.

Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Қысқы спорт түрлерінен Түркістан спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Түркістан облысында бұрын соңды болмаған, заманауи жалғыз «Мұз сарайында» келесі қызметтерді көрсетеді: Мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, шайбалы хоккей спорт түрлерінен спортшыларды дайындайтын, жеке және заңды тұлғаларға мәнерлеп сырғанау немесе хоккей корттарын жалға беру, балаларға (мектеп оқушыларына), студенттерге, ересектерге, зейнеткерлерге, 3-топтағы мүгедектерге жаппай сырғанау қызметтерін жүзеге асыратын Түркістан қаласында бәсекелесі жоқ заманауи жалғыз мұз сарайы болып табылады.

6. Қортындының колданылу мерзімі-**2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

7. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, *«Спорттың қыстық түрлеріне арналған алаңдар мен ареналарын, хоккейге арналған мұз айдындарын пайдалану бойынша қызмет көрсетлер (ТЖҚК: 931110.300.000000)»* қызметі бойынша бүгінгі таңда **Түркістан қаласы** географиялық шекарасында жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқ екендігі анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағы негізінде Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады**.

Басекелестікті
дамыту бөлімінің басшысы **Избасар. А.**

Департамент басшысы **Турысбаев А.Б.**

Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы\Акжанышова М. С